

Сонымен қылмыскердің жеке басы дегеніміз - әлеуметтік маңыздылығы бар және адамның жеке басына тән белгілердің, қасиеттердің және басқа да көрсеткіштердің белгілі бір жиынтығы, ол адамның өзін де, оның өміріндегі, қызметтегі жүріс-тұрысын да сипаттайды [6,105].

Өз әрекеттерімен қылмыстық нәтижеге алып келген криминалдық өзара қатынастағы субъектілер ретінде қылмыскер мен жәбірленушінің жеке басын өзара байланыстырын зерттеу қажет.

Күш көрсетіп қылмыстық жазаланатын әрекет жасаған, бас пайдашыл қылмыскердің жеке басының қоғамға қаншалықты қауіптілік тудыратынын, оның қоғамға жат пиғылы мен бағдарының қаншалықты бойға сіңетіндігін ескеріп, оларды үш топқа бөлуге болады [7, 23].

Есірткілердің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстардың субъектісі болып 16 жасқан есі дұрыс адам болады.

Қазіргі уақыттағы есірткі заттарының жастар арасында кеңінен таралуы және оның теріс ықпалын түсіну де орын алу себепті қылмыстық жауаптылық жасын 14 жасқа дейін төмендету бұл қылмыстармен күресуде тиімді болып табылады деген ойдамыз.

Субъективтік негіздерге тұлғаның өзінің жасаған әрекетіне субъективтік қатынасын, яғни кінәні жатқызамыз. Кінә қылмыс субъектісінің жасаған әрекетіне және оның салдарына психикалық қатынасын білдіретін болғандықтан, оның жауапкершілікті жекелеу мен жаза тағайындау барысына ролу жоғары. Кінә - қылмыс элементі. Ол кез келген қоғамға қауіпті әрекеттің маңызды құрама бөлігі болып табылады. Кінә болмаса қылмыстық жауапкершілік те болмайды, кінәнің интеллектуалдық және жігерлік белгілерінің қандай да бір қатынасы оны қасақана (тіке және жанама) және абайсыз (менменсу және салақтық) деп бөледі.

Сотталғанның шығарылған үкімге және тағайындалған жазаға көзқарасын талдағанда мұны ескеру қажет.

Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз иемденіп алу оларды сатып алумен, айырбастап алумен, сыйға алумен сипатталады. Заңсыз сақтау оларды тұоғын немесе өзге жайда, автокөлікте, өзге де дерлерде ұстау болып табылады.

Тасымалдау, жөнелту - көлікпен немесе жаяу бір нүктеден екіншіге жеткізу. Заңсыз сату неғұрлым қауіпті нысаны болып табылады, өткізу жолдары заңмен арнайы қарастырылмағын және әртүрлі болуы мүмкін. Есірткілердің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстардың субъектісі болып 16 жасқан есі дұрыс адам болады.

Қазіргі уақыттағы есірткі заттарының жастар арасында кеңінен таралуы және оның теріс ықпалын түсіну де орын алу себепті қылмыстық жауаптылық жасын 14 жасқа дейін төмендету бұл қылмыстармен күресуде тиімді болып табылады деген ойдамыз.

Сонымен, бұл топтағы қылмыстардың субъективтік жағы тікелей қасақаналықпен сипатталады. Есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартылатын тұлғалардың 90%-нан емес саны, оларды жеке тұтыну үшін алады. Полиция органдары дер кезінде ондай тұлғаларды анықтап, есепте қою керек. Ол жұмыстың сәттілігі сол тұлғалар контингентін дұрыс анықтауға байланысты болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.С. Лейкина. Личность преступника и уголовная ответственность. - Ленинград, 1968 г.
2. И.А. Кудрявцев. Криминальная агрессия, Москва, 1984 г.

ТҮРКИЯНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Айтжанова М.Б.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, заң факультеті 2-курс студенті

Түркияның Қылмыстық кодексі (Türk Ceza Kanunu) 2004 жылы қабылданып, 2005 жылы күшіне енген. Бұл заң актісі қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтап, оларға жауапкершілікті, сондай-ақ жазалау шараларын реттейді. Кодекс адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауды басты міндеті етіп қойған және қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Түркияның қылмыстық кодексі қылмыс жасаған адамның қорғану құқығын ерекше атап өтеді. Егер адам өз өміріне немесе денсаулығына қауіп төнген жағдайда, қылмыс қорғану мақсатында жасалса, бұл жеңілдетуші жағдай ретінде қарастырылуы мүмкін. Қазақстанның

қылмыстық кодексінің 32-бабы бойынша барлық адамдардың өздерінің кәсіптік, қызмет бабына қарамастан, олардың тең дәрежеде қажетті қорғануға құқығы бар[1].

Қазақстанның қылмыстық кодексі 2014 жылы 3 шілдеде қабылданды. Кодекс Жалпы және ерекше бөлімнен, сондай-ақ 18 тарау, 467 баптан тұрады. Жалпы бөлімде қылмыстық құқықтың негізгі принциптері мен ережелері, жаза тағайындау тәртібі қамтылса, ерекше бөлімде адам өлтіру, ұрлық, терроризм актісі сияқты қылмыстар мен оларға тағайындалатын жаза түрлері қарастырылған.

1999 жыл 6 сәуірде Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және адамдарды ұстап беру туралы келісімді ратификациялау туралы Заң қабылданған болатын.

Түнде жасалған ұрлық.

Түркияның қылмыстық кодексінің 142-бабына сәйкес, егер ұрлық түнде жасалса, онда ол жазаны көбейтетін ауырлататын ұрлық ретінде жіктеледі. Түнде ұрлық қауіпті бола бастайды, өйткені қылмысты жасыру және қылмыскер үшін қауіпті азайту ықтималдығы артады. Осылайша, Түркияда түнде жасалған ұрлық күндізгі уақытта жасалған ұрлықпен салыстырғанда қатаң жазасы бар ауыр қылмыс болып табылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша ұрлық түнгі уақытта жасалғанда ауырлататын жағдай ретінде қарастырылмайды.

Тонау

Түрік қылмыстық кодексі 148-бап. Мүлік иесінің өміріне немесе оның туыстарының өміріне қауіп төндіретін, мүлікке айтарлықтай зиян келтіретін немесе күш қолданатын адам басқа адамды өз мүлкін беруге немесе оның мүлкін ұрлап әкетуге келісуге мәжбүрлейтін адам алты-он жыл мерзімге бас бостандығынан айырылады. Егер кінәлі адам ұрлық жасағаннан, мүлікке зиян келтіргеннен, сенімге қиянат жасағаннан, алаяқтықтан кейін, бірақ сот талқылауы басталғанға дейін өкініп, жәбірленушіге келтірілген залалды толығымен қайтарса немесе өтесе, жаза үштен екіге дейін төмендетіледі. Егер кінәлі адам сот талқылауы басталғаннан кейін, бірақ шешім шығарылғанға дейін терең өкініш білдірсе, жаза жартысына дейін азаяды[3].

Қазақстанның қылмыстық кодексі 191-бап. Тонау, яғни бөтеннің мүлкін ашық жымқыру – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады[1].

Жаңа туған баланы анасының өлтіруі

Түркия Қылмыстық кодексінің 82-бабы бойынша, жаңа туған баланы өлтірген жағдайда, тағайындалатын жаза түрлері: Егер жаңа туған баланы өлтіру қасақана жасалса, жаза — 15 жылдан 20 жылға дейін түрмеге қамау немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылады. Егер бұл қылмыс белгілі бір ауырлататын жағдайларда (мысалы, ананың психологиялық жағдайы немесе басқа да факторлар) жасалса, онда жаза ұлғайтылуы мүмкін. Түркияның заңдары баланы өлтіруді қатаң жазалайды және ол адамның өмірі мен қауіпсіздігін қорғауға бағытталған. Әсіресе жаңа туған баланы өлтіру — қоғамға қарсы ауыр қылмыс ретінде қарастырылады[2].

Қазақстанның Қылмыстық кодексінің 100-бабына сәйкес, анасының өзінің жаңа туған баласын босану кезінде, сол сияқты одан кейінгі кезеңде психикасын күйзелтетін ахуал болған жағдайларда немесе есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психикасының бұзылуы жағдайында өлтіруі-төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады[1].

Абайсызда қазаға ұшырату

Түркия Қылмыстық кодексінің 85-бабы бойынша абайсызда адамның өліміне себеп болған адам екі жылдан алты жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Егер бірнеше адамның өліміне әкеп соқтырса немесе бір немесе бірнеше адамның өлімінен басқа бір немесе бірнеше адамның дене жарақатына әкеп соқтырса, кінәлі адам екі жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады[2].

Қазақстанның Қылмыстық кодексінің 104-бабына сәйкес,

1. Абайсызда қазаға ұшырату- үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда екі немесе одан да көп адамды қазаға ұшырату-бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады[1].

Есірткі немесе психостимуляторлық заттарды сатып алу, алу немесе сақтау не есірткіні немесе психостимуляторлық заттарды пайдалану

Түркияның қылмыстық кодексі 191-бабы бойынша, Есірткі немесе психостимуляторлық заттарды сатып алатын, алатын немесе өзімен бірге алып жүрген не есірткі немесе психостимуляторлық заттарды қолданатын адам екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады[3].

Қазақстанның қылмыстық кодексі 297-бабына сәйкес, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, оларды жөнелту не өткізу-мүлкі тәріленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады[1].

Түркия және Қазақстан адам өлтіру, ұрлық және терроризммен байланысты қылмыстарға жаза тағайындау ерекшеліктері.

Қылмыс түрі	Түркияның Қылмыстық кодексі	Қазақстанның Қылмыстық кодексі
1. Адам өлтіру		
Қасақана адам өлтіру	Қасақана адам өлтіргені үшін жазаның ең жоғары түрі-өмір бойы бас бостандығынан айыру немесе қатаң түрдегі түрмеде отыру 81-бап	Қасақана адам өлтіргені үшін жазаның ең жоғары түрі-өмір бойы бас бостандығынан айыру немесе бес жылдан он бес жылға дейін бас бостандығынан айыру
Ауырлататын дағдайлар	Қатыгездік, қасақана көп адам өлтіру, арнай әдістермен өлтіру 82-бап	Көп адамның өлуі, балаларды өлтіру, алдын ала ойластырылған әрекет, билік өкіліне қарсы жасалған қылмыс.
Өлім жазасы	Түркияда өлім жазасы 2004 жылы заңды түрде жойылған. Өмір бойы бас бостандығынан айыру немесе қатаң түрдегі түрмеде отыру жазасы қарастырылған. 81-бап	Қазақстанда өлім жазасы 2021 жылдан бастап жойылды. Ең ауыр жаза-өмір бойы бас бостандығынан айыру.
Өзін-өзі қорғау жағдайында адам өлтіру	Өзін-өзі қорғау жағдайында адам өлтіру жеңілдететін жағдай ретінде есептеледі. 25-бап	Жеңілдететін жағдай ретінде есептеледі.
2. Терроризм		
Терроризм актілері	Терроризм актісі үшін жазаның ең жоғары түрі-өмір бойы бас бостандығынан айыру. 314-бап Қарулы террористік ұйымға қатысу. Жаза 15 жыл бас бостандығынан айыру. 315-бап Террористік ұйымды насихаттау. Жаза 1 жылдан 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру.	Терроризм актісі үшін жазаның ең жоғары түрі- Өмір бойы бас бостандығынан айыру.
3. Ұрлық		
Ұрлық	Ұрлық үшін жазаның ең жоғары түрі-7 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру. 142-бап	Ұрлық үшін жазаның ең жоғары түрі-10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру. 188-бап
Ұрлықты ауырлытатын жағдайлар	Қасақана көп мөлшерде ұрлық, қауіпті құралдарды қолдану. 142-бап	Көп мөлшерде мүлік ұрлау, ұйымдасқан топтармен жасалған ұрлық

Түркияның қылмыстық кодексі мен Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіндегі ұқсастықтар

Екі елде де өлім жазасы алынып тасталды. Түркияда өлім жазасы 2004 жылы, Қазақстанда 2021 жылы заңды түрде жойылды. Екі елдің заңдарында да қылмыс-бұл қоғамға қауіп төндіретін, заңмен тыйым салынған әрекет. Түркия мен Қазақстанда да қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін минималды жас бар. Түркияда 12 жастан бастап, ал Қазақстанда 16 жаста қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкіндігі бар. Екі елдің қылмыстық кодекстерінде басты жазалар ретінде айыппұл, бас бостандығынан айыру, қоғамдық жұмыстарға тарту қарастырылған.

Қорытындылай келе, Түркия мен Қазақстанның қылмыстық кодекстері ортақ заңдық принциптерге негізделген және қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау мақсатында бірдей қызмет атқарады, алайда әрбір елдің өзіне тән құқықтық жүйесі мен жағдайлары осы кодекстердің ерекшеліктерін анықтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.- Алматы: ЖШС “Издательство “Норма-К”, 2024.- 284-бет.
2. Түркияның Қылмыстық кодексі. <https://advokatantalya.ru/турецкий-уголовный-кодекс/>
3. <https://www.mevzuat.gov.tr/mevzuatmetin/1.5.5237.pdf>

К ВОПРОСУ ОБ УГОЛОВНО-ПРАВОВЫХ МЕРАХ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ НАСИЛИЮ В СФЕРЕ СЕМЕЙНО-БЫТОВЫХ ОТНОШЕНИЙ

Акулов М.М.

магистрант Академии правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан

научный руководитель — Балтабаев Куаныш Жетписович, профессор Научно-образовательного центра уголовно-правовых дисциплин, доктор юридических наук, профессор

Одним из ключевых вопросов в области защиты прав человека является противодействие насилию в сфере семейно-бытовых отношений. Казахстан является участником основополагающих правозащитных международных договоров в области прав человека и международных документов в сфере обеспечения от семейно-бытового насилия.

Особое значение имеют Законы Республики Казахстан от 04 декабря 2009 года «О профилактике бытового насилия», от 08 декабря 2009 года «О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин», от 29 апреля 2010 года «О профилактике правонарушений».

Законодательное определение «бытового насилия» характеризуется следующими признаками: *форма вины* (умышленное деяние); *противоправное деяние* (в виде действия или бездействия), выразившееся в причинении физического и (или) психического страдания, либо угрозе причинения такого вреда; нахождение субъекта деяния и потерпевшего в *семейно-бытовых отношениях*.

В понятии «семейно-бытовых отношений» перечислены субъекты отношений: супруги, бывшие супруги, лица, проживающие или проживавшие совместно, близкие родственники, лица, имеющие общего ребенка (детей).

Ответственность за конкретные проявления насилия в сфере семейно-бытовых отношений предусмотрена в Кодексе Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» и Уголовном кодексе Республики Казахстан, принятых в 2014 году.

При этом, уголовный закон характеризуется использованием различной терминологии: «преступления, связанные с насилием» (п.18-1 ст.3 УК); «преступления, не связанные с применением насилия» (п.1 ч.5 ст.46 УК); «склонности к сексуальному насилию» (п.5 ч.1 ст.93 УК); «уголовное правонарушение с применением насилия» (ч.2 ст.98-3 УК) и др. [1]

Устанавливая ответственность за насильственные преступления, законодатель исходит из того, что эти преступные деяния совершаются с применением физической силы либо угрозой ее применения, и имеют основной целью причинение вреда физическим и моральным благам человека, против его воли.

К преступлениям данной группы относятся умышленные деяния, содержащие признаки физического или психического насилия. Рассматриваемые преступления не объединены в одной из глав УК, а размещены в многочисленных нормах Особенной части УК. Большинство